

ҚАЛАЛЫҚ СОТТА ӨТКЕН ЖИЫН

Жуырда Кентау қалалық Жастар орталығы ғимаратында қалалық соттың ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Жиынға Кентау қалалық сотының судьялары: А.С.Дәуренбеков, А.А.Кененбаева, қалалық прокурорлар, медиаторлар, Кентау қалалық орталық ауруханасының қызметкерлері, қалалық орталық мешітінің имамы және БАҚ қатысты. Жиында алғаш сөз алған Кентау қалалық сотының төрағасы Есбол Абдраманов пен қалалық соттың судьялары әкімшілік кодекстер бойынша атап өтті.

Судья А.Кененбаева өз сөзінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік-процестік кодексі жаңа кодекс болып табылатынын, ол 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетіні туралы айтып өтті. Бұл кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген осы Кодекс пен ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұратынын, Әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру ерекшеліктері ҚР заңдарында белгіленетінін, Кодекс ҚР заңдарында реттелмеген бөлігінде әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейтінін айтты.

ҚР халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ ҚР Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік және әкімшілік-процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатыны туралы да айтты. Сонымен қатар судья осы Кодексте реттелетін қағынастар, яғни Әкімшілік рәсімдердің және Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттарына да тоқталып, ол туралы түсіндіріп өтті.

Келесі болып сөз алған судья А.Дәуренбеков өз сөзінде Кентау қалалық сотына 2020 жылы қайтыс болу фактісін анықтау туралы 33 арыз



түсіп, оның 30 қанағаттандырылып шешім шығарылған. Қазіргі кезде қайтыс болу туралы куәлік ала алмай жүрген адамдардың әуре сарсаңға түсіп жүр. Сондықтан Қайтыс болу фактісі бойынша азаматтарды әуре сарсаңға түсірмей медициналық ұйым өз тарапынан берілетін анықтаманың мерзімін ұзартып, оны адамдарға түсіндірсе, қайтыс болған азаматтардың туыстарына қайтыс болған азаматқа қатысты тірі кезінде емделгендігі туралы құжаттары болған жағдайда он жұмыс күні ішінде емханаға барып дәрігерге оларды көрсетіп, қайтыс болу туралы анықтаманы алу керектігі жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін ұсынды.

Кентау қалалық орталық емханасының басшысының орынбасары А.Андабаева 2020 жылдың 3 айында 120 адам қайтыс болса, 2021 жылдың 3 айында 160 адам қайтыс болған. Азаматтың қайтыс болғаны туралы анықтаманы 3 күннің ішінде алу қажет екенін, қазіргі таңда кәрілікпен қайтыс болды деген диагноз қойылмағанын, қайтыс болған адам созылмалы аурумен ауыратын жағдайда тіркелген учаскелік дәрігері диагнозы негізінде анықтама беретінін түсіндірді. Қайтыс болған адамның туыстары, жақындары 1 ай немесе 2 ай кешігіп келген жағдайда, оларға

қайтыс болғандығы жөнінде анықтама мерзімнің өтіп кетуіне байланысты берілмейді. Тағы бір айтып кететін мәселе, қайтыс болған адамның бір қаладан екінші қалаға қоныс аударуы. Олардың басқа адресат бойынша ешқандай емдеу орталықтарында тіркелмегендері анықталады, ондай жағдайда да қайтыс болу туралы анықтама беруге еш мүмкіндік болмайды. Қайтыс болған азаматтарды тіркеу журналы емхана мұрағатында 25 жыл сақталатынын да айтты.

Одан басқа қазіргі таңда салмағы 500 грамм болып туылған баладан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды міндетті түрде мейітханаға жолдап, онда не себептен қайтыс болғанын анықтаймыз. Осы секілді барлық қайтыс болған адамды сараптамадан өткізсе, куәлік алуда, оданда басқа мәселелерді шешу барысында қиындық туындамайтынын да айтып кетті. Мейітханаға сараптама жүргізгені үшін ешқандай қаражат төленбейді, барлық процесс мемлекет тарапынан жүргізіледі деді.

Аталған мәселелер бойынша қайтыс болу туралы куәлік алуға қиындық туғызып отырған біршама мәселелер талқыланып, азаматтар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек екені ескерілді.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуы

туралы судья А.Дәуренбеков сөз алып: Өз сөзінде ол кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүлкітік және өзге де талаптары болмаған кезде тіркеуші органдарда неке бұзылатын болады. **Егер ерлі-зайыптылардың біреуін:**

- 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- 3) сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныса;
- 4) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

Некенің бұзылуын мемлекеттік тіркеуді осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркеуші орган жүргізеді.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы Б.Жайықбеков сөз алып: неке бұзу бойынша тараптардың толық қатыспауына байланысты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен некені бұзу туралы куәлік беруге мүмкіншілік болмайды, өйткені тараптардың біреуі келмеген жағдайда некені бұза алмайтынын, ол бойынша куәлік бере алмайтынын, өйткені ЭЦҚ-ны тек адамның өзі ғана қоюы керек екенін айтып өтті.

Дөңгелек үстел барысында ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 28 тарауындағы 240 бабына өзгерістер енгізу қажеттілігі, облыстық деңгейде оны уәждеу органдары және облыстық сот судьяларымен талқылау ұсынылды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар өзара пікір алмасып, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

«Қаратау тәжі» ақпарат.

ТҮРКІСТАН: АЗЫҚ - ТҮЛІК БАҒАСЫН НЕГІЗСІЗ КӨТЕРГЕНДЕРГЕ ШАРА КӨРІЛЕДІ

Түркістан облысында азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша облыс әкімдігі тарапынан тиісті шаралар қолға алынып отыр. Негізсіз баға көтерген тауар жеткізушілерге шара көрілетін болады. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Данабек Махатов мәлімдеді.

Оның сөзінше, Түркістан қаласындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі 103,2

пайызды құраған.

«2021 жылға арналған «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру» бойынша нақты іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуына облыс әкімінің тиісті орынбасарлары, бірқатар облыстық басқармалар мен департаменттер, аудан, қала әкімдері жауапты болып бекітілді. Қазіргі таңда, азық-түлік тауарларының 2 түрі бекітілген шекті бағалардан 15 пайызға жоғары саудаланып жатыр. Яғни, 322 теңге болып бекітілген жұмыртқаның құны 386 теңгеге өсті, ал 526 теңге күнбағыс майы 640 теңгеден сатылып жатыр. Бүгінде осы сияқты тауарлар

құнының өсуінің себептерін анықтау жұмыстары жүргізілуде», – деді Д.Асқарұлы.

Сондай-ақ, жиында облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасының бөлім басшысы Серғазиев Данияр өңірімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізсіз өсуінің алдын-алу мақсатында ірі сауда орындары мен дүкендері және әмбебап базарларымен 1 098 меморандум түзілгенін айтты. Одан бөлек, арнайы құрылған мобильдік топтар аймақтағы 55 әмбебап сауда базарына, 65 сауда үйіне және 986 дүкендерге рейдтік шаралар жүргізіп, азық-түлік тауарлары бағаларын негізсіз көтерген жағдайда

зақ аясында шара көрілетіні жөнінде ескерту жасалған.

Өз кезегінде Азық түлік тұрақтандыру қоры департаментінің директоры Бекбол Амантаев қорда құны 450 млн теңге болатын тауар барын жеткізді. Бүгінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп қосымша тауарлар жеткізілуде. Сондай-ақ, әлеуметтік павильондар, жәрмеңкелер және көшпелі сауда арқылы жалпы сомасы 24,2 млн теңгеге 230,7 тонна азық-түлік тауарлары төмен бағада сатылымға шығарылған.

Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі.

ЕРІКТІЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚОЛДАЙДЫ



Кентау көпсалалы колледжі жанынан құрылған «Мейірім» ерікті жастар клубының мүшелері ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарын талқыға салды. Мемлекеттік жастар саясатындағы волонтерлық бағыттағы шараларды жүзеге асырмақ. Колледж жастары «Сабақтастық», «Саулық», «Таза әлем», «Асыл мұра» және «Қамқор» секілді 5 бағыт бойынша жұмыстар жүргізуді қолға алып отыр. Бос уақыттарын қоғам игілігіне арнаған еріктілерге сәттілік тілейміз.

Түрленген Түркістанға саяхат жасалды

Кентау көпсалалы колледжінің жанынан құрылған «Мейірім» ерікті жастар клубының түрленген Түркістан қаласына саяхаты ұйымдастырылды. «Асыл мұра» - бағыты бойынша рухани, мәдени-тарихи мұралармен танысқан еріктілер «таңғажайыптарға куә болдық» дейді. Себебі, бұрындары «Қ.А. Ясауи кесенесіне» ғана зиярат етіп келуші едік, қазір Түркістан қаласы облыс орталығы мәртебесіне ие болғалы көптеген өзгерістерді көрдік. Тарих пәнінен оқыған Түркістан қаласы көне шахар бейнесіне енгендей.



Шығыс моншасы, Керуен сарайы, Оқушылар сарайы, Визит орталығы,

жаңа университет, кітапхана, көптеген саябақтар мен аллеялар, тағы да басқа кереметтерді өз көзімізбен көрдік. Біздің бір күндік уақытымыз осы кереметтерді тамашалауға жетпей қалды. Дәл осындай мүмкіндіктер жасап жатқан ел ағаларына ризашылық білдіреміз дейді колледж студенттері.

Айгүл ТОЙШИЕВА,
Кентау көпсалалы колледжінің педагог ұйымдастырушысы.

Жасыл желекті - Қазақстан!

Елімізде табиғат сыйлаған гажайып орындар жетерлік. Исі аңқыған гүлдерге толы құлтырған далалар мен биіктігі бұлттарға жетіп бірақ тоқтайтын жұмбақ таулар әрдайым жұртышылық қызығушылық арттырып келе жатқандығы көңіл қуантады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанға қатынайтын туристер саны жыл өткен сайын артып келе жатыр. Атап өту керек, бұлардың көпшілігі табиғатын тамашалауға келгендер. Бұл қарқынмен алдағы жылдары, туристік державаларды қуып жетуіміз бек мүмкін. Тек жаратушы сыйлаған бұл гажайыптарды бағалай білген жөн.



«Қазақстан табиғаты» энциклопедиясында баянды еліміздің бай табиғаты, оның ішінде тау шыңдары, жон-жоталары, шоқы-қыраттары, белесті жазықтары, жусан иісті далалары, дария теңіздері, өзен-көлдері, орман-тоғайлары, жеті қат

жер қойнауы, көрікті қорықтары, сәнді саябақтары, жануарлар әлемі, топырақ жамылғысы мен өсімдіктер дүниесі, т.б. энциклопедиялық жүйемен, әліпби бойынша берілген. Мақалалар суреттермен безендіріліп, кесте, карталармен толықтырылған. Келесі томында жалғасын табатын бұл басылым туған жер, өскен топырағын жетік білгісі келетін географтар мен биологтарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналады. «Елінің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып көркеюі үшін еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа» - деп Елбасымыз Н.

Назарбаев айтқандай, рухани жаңғырудың бір бөлімі «Туған жер» бағдарламасына арналған. Әрбір азамат өз туған жерін, өскен ортасын бірінші орынға қоюы керек. Шама шарқынша өз туған ауылының көркейіп, гүлденуіне көмектесуі керек. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын...» дегендей, бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті. Халықтың денсаулығы мен ұрпақ болашағына оң әсерін тигізіп, туған ауылының көркеюіне үлес қосып, қалыс қалмау-әрбір азаматтың борышы.

Бағдат КЕРІМБАЙ,
"Қаратау МТҚ" РММ-і
Экоағарту және туризм бөлімі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті дарындаылар мекені

ҚазҰУ - Қазақстандағы үздік жоғары оқу орындарының біріде бірегейі десем қателеспеймін. Университетіміздің зияткерлік және ғылыми әлеуеті үлкен. Оған дәлел: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия ЖОО-ларынан жалғыз болып QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде ең үздік университеттер арасында 220 орынға ие болды. Сонымен қатар, оқу орнымыз еліміздің университеттерінің алғашқысы болып әлемдегі технологиялық дамыған 50 жоғары оқу орындарының және ең үздік 300 жоғары оқу орындарының қатарына кіреді.

Университетімізде білім алуға үлкен мән беретіні анық. Өйткені университетіміздің қалашығы, оның ішіндегі үлкен кітапхана, корпус, жатаханалар және «Керемет» студенттер орталығы студентке қалашықтан шықпай ақ, уақытын жоғалтпай білім алуға мүмкіндіктер береді. «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы «әл-Фараби университеті ақылды қала» - студенттерге арналған білім беру, медициналық, заңгерлік, қаржылық және мәдени-ойын-сауық қызметтерін бір терезе

қағидаты бойынша ұсынатын жастар ресурстық орталығы. Мұнда студенттер мен оқытушыларға арналған қызметтерді студенттер бөлімі, халықаралық бөлім, медициналық диагностикалық бөлім, халыққа қызмет көрсету (цон), ойын сауық бөлімдері өз қызметтерін ұсынады. Студенттерге әр апта сайын ойын сауық бөлімінде кинотеатрда кинолар көрсетілімі болатын және де осы орталықта фастфуд желісінде ішінде. Группаластарыммен қызық фильмдер тамашалап, уақытымызды қызықты өткізетінбіз. Сонымен қатар студенттік шақты қызықты, есте қаларлықтай өткізуге жастар ұйымдарының маңызы үлкен. Соның ішінде «Энактус», «Сұңқар», «НСО», «Алтын сапа», «Сенат» сияқты жастар ұйымдарында үлкен іс-шаралар өткізіледі. Мен өзімнің студенттік шағымды «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағымен бірге өткіздім. Осы ұйымда әрбір мереке сайын қызықты іс-шаралар ұйымдастырылатын. Сонымен қатар, жыл сайынғы Сұңқар КВН ойындарында есте қаларлықтай жоғары деңгейде өтеді. Тіпті ағылшын тілін меңгерушілерге «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен ағылшынша субтитрмен әр аптаның

сейсенбісінде тегін киноларға баруға мүмкіндік болатын. Жастар ұйымдарының арқасында студенттер өздерін жан-жақты дамытып, белсенді түрде студенттік шағын қызық өткізеді. Соның ішінде әр факультет арасында бірінші курс студенттеріне «Студвесна», «Жас талант» атты концерттер өткізіліп отыратын. Осы арқылы студент өзін жан жақты көрсетуге мүмкіндік алып, студенттер таныстығы орын алатын. Сонымен қатар, жыл сайын «Рухани жаңғыру» аясында «Фараби оқулары», «Айналаңды нұрландыр!», «100 кітап» атты іс-шаралар өткізіліп отырады. Алдыңғы жылы карантинге қарамастан «Фараби оқулары» жоғары деңгейде өткізілді. Студенттік шағымның ыстық сәттері деп есіме алсам, жүрегім тебіренеді. Университетімізде қазіргі кезде 20 мыңнан астам студент білім алуда. Соның қатарында Экономика және Бизнес жоғары мектебінде білім алып жатқан менде бармын. ҚазҰУ-дың және ардақты, өз ісінің шеберлері профессорлардың студенттің жеке тұлға, білікті кадр болып қалыптасуына қосқан үлесі орасан зор. Оған дәлел университетіміздің мақтанышы атанған ұлы тұлғалар. Осындай қазағымның ұлы тұлғаларын ұлықтап, ҚазҰУ-

ымның мақтаныштарын қуана еске аламыз. Олардың қатарында осы тұлғаларды ерекше атап өтсек: Олжас Сүлейменов, Нұрлан Оразалин, Рахман Алшанов, Асылбек Қожахметов, Нұрлан Смагулов. Олжас Сүлейменовті қазақ елінің еңбектеген жасынан, еңкейген қартына дейін танитын болар, ол кісі таныстыруды да қажет етпейді. Асылбек Қожахметов ҚазҰУ-дың үздік тұлғасы, Алматы Менеджмент Университетінің президенті болып саналады. Нұрлан Смагулов қазіргі таңда белді кәсіпкерлердің бірі автомобиль саласында бизнес жобаларын дамытқан, "Астана Моторс" компаниясының құрушы президенті. Білімдерін одан әрі шындап, биік белестерден көрініп жүрген ҚазҰУ мақтаныштарына қарап үлгі алмасқа болмайды. Болашақ жастардың қолында демекші, менде мемлекетімізге пайдасын тигізер азаматша болуға бар күшімді саламын.

Айханым ТІЛЕК,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және Бизнес
Жоғары мектебі «Менеджмент»
кафедрасының 4-курс студенті,
Алмажан ДЖУЛАЕВА,
Ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор.